

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми-техникалық кеңес ережесі		KE-02-03-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	9 беттің 1-сі

«БЕКІТЕМІН»
Басқарма Төрағасы – Ректор
А. Сакенов
«01» _____ 2023 ж.



KE-02-03-01
ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕС
ЕРЕЖЕСІ

Түркістан, 2023

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми-техникалық кеңес ережесі		KE-02-03-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	9 беттің 2-сі

КЕЛІСУ АРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕН:


Ғылыми-техникалық кеңес хатшысы



Г. Аширбек
«01» 09 2023 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор



К. Адилова
«01» 09 2023 ж.

Ғылыми зерттеу орталығының басшысы




Т. Абдрасилов
«01» 09 2023 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы



К. Тубеков
«01» 09 2023 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы



А. Ермухамедова
«01» 09 2023 ж.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми-техникалық кеңес ережесі		KE-02-03-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	9 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы	4
2. Нормативті сілтемелер	4
3. Қысқартулар	4
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5. Жалпы ережелер	5
6. Ғылыми техникалық кеңес құрамы мен жұмыс регламенті	6
7. Ғылыми техникалық кеңес мүшелерінің міндеттері мен құқықтары	6
8. Өзгерістерді енгізу тәртібі	7
9. Келісу, сақтау және тарату	7
10. Өзгерістерді тіркеу парағы	8
11. Танысу парағы	9

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми-техникалық кеңес ережесі		КЕ-02-03-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	9 беттің 4-сі

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Ғылыми-техникалық кеңес Ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) Ғылыми-техникалық кеңесін (бұдан әрі – ФТК) ұйымдастыруына және қызметіне қойылатын талаптарды айқындайды.

1.2 ФТК Университеттің ғылыми, ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік және инновациялық саясатын жүзеге асыру және қалыптастыру бойынша жоғары сараптамалық кеңес болып табылады.

1.3 Университеттің ФТК басқарудың алқалық кеңесі – ұсыныс беру органы, Университет қызметінің ғылыми-зерттеу мәселелерін талқылау, ғылыми ұсынымдарды ұйымдастыру болып табылады.

1.4 ФТК мәжілістері жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Қажет болған жағдайда кезектен тыс ФТК мәжілістері өткізіледі.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- ҚР Білім туралы заңы;
- ҚР Ғылым туралы заңы;
- «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулы;
- «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулы;
- Университет Жарғысы;
- 2023-2029 жж. Стратегиялық даму бағдарламасы.

3. ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылды:
 ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
 Университет – «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
 Ректор – Басқарма Төрағасы – Ректор
 Ереже – Ғылыми-техникалық кеңес Ережесі;
 ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы;
 ФТК – Ғылыми-техникалық кеңес.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланады және қарастырылады.

4.2 Осы ереже университет ректоры тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор жауапты болып табылады. Ұйымдастыру жұмыстарымен Ғылыми-зерттеу орталығы айналысады.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми-техникалық кеңес ережесі		KE-02-03-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	9 беттің 5-сі

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 ФТК құрудың негізгі мақсаты – Университеттің ғылыми және инновациялық қызметін тиімді басқаруды қамтамасыз ету, мектептердің жұмыс сапасын бағалау, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін оқу және ғылыми-өндірістік үдерісте пайдалану.

5.2 ФТК негізгі міндеттері:

- стратегиялық және ағымдағы мәселелерді қарастыру, кешенді ғылыми және инновациялық жобаларды орындау кезінде мектептердің жұмысын үйлестіру;
- Университеттің ғалымдарымен бірге ғылым мен техниканың басым бағыттарын дамыту, жоғары оқу орны ғылымының рөлін арттыру, Университеттің зияткерлік және ғылыми әлеуетін тиімді пайдалану, қысқа мерзімдерге және ұзақ мерзімдерге ғылымның дамуы үшін қажетті жағдай жасау үшін ұсыныстар дайындау;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, инновациялық білім беру жүйелерін құру мәселелері бойынша ғылыми жұмыстар мен жобаларды орындау және олардың нәтижелерін оқу процесіне енгізу;
- Іргелі және қолданбалы ғылыми жобаларды, коммерцияландыру жөніндегі жобаларды, нысаналы қаржыландыру жөніндегі жобаларды әзірлеу және сүйемелдеу;
- мектептердің ғылыми бағыттарын ескере отырып, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық келісім-шарттық ғылыми-зерттеу жобаларын қарау, басқа ғылыми мекемелермен және ұйымдармен орындалатын бірлескен жұмыстардың тақырыптарын үйлестіру;
- мектептердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын бағалау және есептерін тыңдау, оның нәтижелерін оқу процесінде және өндірісте пайдалану;
- шетелдік және мемлекеттік гранттық конкурстарға қатысуды ұйымдастыру;
- Университет ғалымдарының монографияларын талқылау және Ғылыми кеңес мәжілісіне ұсыну;
- Университет профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – ПОҚ) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары Білім министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 128 Бұйрығына сәйкес ғылыми атағын (қауымдастырылған профессор, профессор) алу үшін еңбектер тізімін қарастыру және Ғылыми кеңеске ұсыну;
- магистранттардың диссертациялық тақырыптарына және жетекшілеріне ұсыныс беру, өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- магистранттардың жеке жоспарының орындалуы туралы есептерін тыңдау;
- жас ғалымдар кеңес құрамы мен жоспарын бекіту, жұмыс барысын қадағалау;
- Университетте ғылыми конференциялар ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шара жоспарын талқылап бекіту;
- ПОҚ-ның халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуын ұйымдастыру;
- студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру;
- студенттерді Республикалық және Халықаралық ғылыми конференциялар мен жобаларға қатысуын ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми-техникалық кеңес ережесі		KE-02-03-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	9 беттің 6-сі

6. ҒЫЛЫМИ ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ

6.1 ҒТК құрамы университет Басқарма Төрағасы – Ректор (бұдан әрі – Ректор) бұйрығымен бір жыл мерзімге бекітіледі. ҒТК құрамын өзгерту объективті себептер бойынша жүзеге асуы мүмкін.

6.2 Кеңестің төрағасы Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор, орынбасары Ғылыми зерттеу орталығының басшысы болып табылады.

6.3 ҒТК құрамына Ғылыми зерттеу орталығының қызметкерлері, Университеттің жетекші ғалымдары мен мектеп директорлары ұсынған ғылыми дәрежесі бар ПОҚ кіреді.

6.4 ҒТК төрағасы бекітілген жоспарға сәйкес жұмысты ұйымдастырады және мәжілістерді өткізеді. Төраға болмаған жағдайда, оның қызметін ҒТК төрағасының орынбасары орындайды. ҒТК мәжілістері 3 айда 1 рет жүзеге асырылады.

6.5 Ғылыми-техникалық кеңестің бірінші мәжілісінде ҒТК мүшелерінің ашық дауыс беруімен хатшы сайланады.

6.6 Хатшы ҒТК мәжілістерін дайындау (кезекті мәжілістер жөнінде ҒТК мүшелерін хабарландыру) және өткізу бойынша ағымдағы жұмысты іске асырады.

6.7 ҒТК шешімдері хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға ҒТК төрағасы немесе оның орынбасары және ҒТК хатшысы қол қояды.

6.8 ҒТК мәжілістерінің хаттамаларын ресімдеуді, құжаттарды таратуды ҒТК хатшысы іске асырады.

6.9 Шешімдер ҒТК мәжілісіне ҒТК мүшелерінің жартысынан көбі қатысқанда қабылданады. Мәжіліске қатысып отырған 2/3 мүшелері дауыс бергенде, шешім қабылданды деп есептеледі.

6.10 ҒТК мәжілісіне қатысушылардың шешім қабылдау үшін ашық немесе құпия түрде (ҒТК шешімі бойынша) дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

6.11 ҒТК шешімдері ұсыну сипатында болады, яғни Ғылыми кеңес мәжілісінде қарауға ұсынады.

6.12 ҒТК шешімдерін орындауды ҒТК төрағасы бақылайды және шешімдерінің орындалу жөнінде ҒТК мүшелеріне кезекті мәжілістерде мәлімет береді.

6.13 ҒТК төрағасы Университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде жылына бір рет есеп береді.

7. ҒЫЛЫМИ ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

7.1 ҒТК төрағасы:

- ҒТК жұмыс жоспарын жасайды және оның талқылануын ұйымдастырады;
- бекітілген жоспарды іске асыру бойынша ҒТК қызметін ұйымдастырады;
- қабылданған шешімдердің (ұсыныстардың) орындалуын бақылайды;
- ҒТК төрағасының орынбасарына, ҒТК мүшелеріне ҒТК мәжілістерінде қарастыру үшін мәселелерді дайындауды бұйырады.

7.2 ҒТК төрағасының орынбасары:

- ҒТК төрағасы жоқ болған жағдайда, оның қызметін атқарады.

7.3 ҒТК хатшысы:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми-техникалық кеңес ережесі		КЕ-02-03-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	9 беттің 7-сі

– ҒТК қызметін айқындайтын құжат айналымын жүргізеді (күн тәртібі, хаттамалар, сайтқа ақпарат, ҒТК мүшелерімен байланысты қамтамасыз етеді, хаттамалардан үзінділерді дайындайды және т.б.);

– ҒТК мүшелерін ҒТК өткізілуі жөнінде хабардар етеді.

7.4 ҒТК мүшелері міндетті:

– ҒТК барлық мәжілістеріне қатысуға және қарастырылатын сұрақтарды талқылауға белсенді түрде қатысуға;

– ҒТК тапсырмаларын белгіленген мерзімде орындауға;

– ҒТК шешімдерінің (ұсыныстарын) орындалуына қолдау көрсетуге.

7.5 ҒТК мүшелері құқылы:

– Университеттің мектептері мен құрылымдық бөлім басшыларынан ҒТК мәжілістерінде қарастырылатын мәселелерге қатысы бар сұрақтарды дайындау үшін қажетті мәліметтер мен материалдарды талап етуге;

– материалдарды дайындау үшін мектептер мен құрылымдық бөлім қызметкерлерін тартуға.

8. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың ұсынысы негізінде Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімімен енгізіледі.

8.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

9. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы Ереже Университеттің Ректоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

9.2 Осы Ережені әзірлеуді және өзектендіруді Ғылыми-зерттеу орталығы жүзеге асырады.

9.3 Осы Ереженің жұмыс данасы Ғылыми зерттеу орталығында, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақталады.

